

Кімге: Қазақстан Республикасының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне

Кімнен: «Жезқазған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мүгедектермен, ардагерлермен және құқықтық жұмыс секторының бас маманы Қайырбек Меруерт Сапарбекқызы

Күні: 29.04.2025ж.

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Тақырыбы: Мүгедектігі бар адамдарға арналған протездік-ортопедиялық көмектің, техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдардың, арнаулы жүріп-тұру құралдарының ауыстыру мерзімдерінің мәселесі.

Кілт сөздер: мүгедектігі бар адамдар, арнаулы әлеуметтік қызметтер, протездік-ортопедиялық көмек, техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар, арнаулы жүріп-тұру құралдары.

Кіріспе: Мүгедектігі бар адамдар – тыныс-тіршілігінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне алып келетін, ауруларға, мертігулерге (жаралануға, жарақаттарға, контузияларға), олардың зардаптарына, бұзылуларына байланысты организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы нашарлаған адам.

Қазақстан Республикасындағы мүгедектігі бар адамдар әлеуметтік қорғау Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексімен және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

Мүгедектігі бар адамдардың мынадай құқықтары бар:

- әлеуметтік қорғалуға, оның ішінде абилитациялауға, оңалтуға, қоғамға интеграциялануға;
- мектепке дейінгі тәрбие алу мен оқу, білім алу үшін жағдайлармен қамтамасыз етілуге;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмекке;
- арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің кепілдік берілген көлеміне;
- кәсіптік даярлыққа және қайта даярлыққа, еңбек қабілетін қалпына келтіруге және жұмысқа орналасуға;
- инфрақұрылым, ақпараттандыру объектілеріне, көлікке, ақпаратқа, ойын-сауық, мәдени-бұқаралық іс-шараларға, спорттық сайыстарға және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге қолжетімділіктің қамтамасыз етілуіне;
- өзінің сайлау және сайлану құқығын жүзеге асыруға;

- Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес тұрғын үйге;
- мемлекеттік және өзге ұйымдарда, оның ішінде денсаулық сақтау, мәдениет, байланыс, көлік, қызмет көрсету саласындағы ұйымдарда бірінші кезекте қызмет көрсетілуге құқығына ие болады.


Мүгедектігі бар адамдарды оңалту түрлері. Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік оңалту мүгедектігі бар адамдардың шектеулі тіршілік әрекетін жеңуі үшін жағдай туғызуға, олардың әлеуметтік мәртебесін қалпына келтіруге, әлеуметтік-тұрмыстық және қоршаған ортаға бейімделуіне бағытталған.

Мүгедектігі бар адамдардың абилитациялау және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен протездік-ортопедиялық көмекпен, сурдо-тифлотехникалық құралдармен, міндетті гигиеналық құралдармен, кресло-арбалармен, санаторлық-курорттық емдеумен, жеке көмекшінің, ымдау тілі маманының қызметтерімен және басқа да құралдармен және оңалтудың әлеуметтік қызметтерімен қамтамасыз етіледі.

Кресло-арбамен және жеке көмекшінің қызметін қамтамасыз етуге көрсеткіші бар жүріп-тұруы қиын бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды қолдаудың қосымша шарасы ретінде «инвентакси» қызметтері ұсынылады.

1. Протездік-ортопедиялық көмек құрылымы


Протездік-ортопедиялық көмек



2. Техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар құрылымы


Техникалық көмекші құралдар

— Сурдотехникалық құралдар (есту қабілетін қолдауға арналған)



3. Арнаулы жүріп-тұру құралдары құрылымы

Арнаулы жүріп-тұру құралдары



Негізгі бөлім.

Мүгедектігі бар адамдарға арналған техникалық көмекші құралдардың (ТКҚ) және арнаулы жүріп-тұру құралдарының (АЖТҚ) ауыстыру мерзімдері Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде нақты белгіленген.

Арнаулы жүріп-тұру құралдары (кресло-арбалар)

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 27 желтоқсандағы №502 бұйрығымен бекітілген мүгедектігі бар адамдарға ұсынылатын техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдардың, арнаулы жүріп-тұру құралдарының және көрсетілетін қызметтердің сыныптауышына сәйкес:

- Бөлмеде жүріп-тұруға арналған кресло-арбалар – 7 жылда бір рет ауыстырылады.

- Серуендеуге арналған кресло-арбалар – 4 жылда бір рет ауыстырылады.
- Әмбебап кресло-арбалар – 5 жылда бір рет ауыстырылады.
- Сырғытқы арбалар – 5 жылдан ерте емес мерзімде ауыстырылады.

Мүгедектігі бар адамдар бір мезгілде бөлме кресло-арбасының бір түрімен және серуендеуге арналған кресло-арбаның бір түрімен немесе әмбебап кресло-арбаның бір түрімен қамтамасыз етіледі. Бөлмелік және/немесе серуендеу кресло-арбасын әмбебап кресло-арбаға ауыстыру олардың біреуін ауыстыру мерзімі өткеннен кейін жүргізіледі.

Азаматтардың өтініші түсетін сызбасы:



Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы №26 бұйрығына сәйкес:

- Шина-былғары, аралас протездер – кемінде 1 жылда бір рет ауыстырылады.
- 18 жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға арналған қазіргі заманғы технология бойынша аяқ және қол протездері – 3 жылдан ерте емес мерзімде ауыстырылады.
- Мүгедектігі бар балаларға арналған қазіргі заманғы технология бойынша аяқ және қол протездері – 2 жылдан ерте емес мерзімде ауыстырылады.
- Электрондық тізе модульдері бар протездер – 5 жылдан ерте емес мерзімде ауыстырылады.
- Омырау бездерінің протезі – 2 жылдан ерте емес мерзімде ауыстырылады.

- Ортопедиялық аппараттар, тусторлар, ортопедиялық аяқ киімдер және күрделі ортопедиялық аяқ киімдер – кемінде 1 жылда бір рет ауыстырылады.

- Емдік-профилактикалық құралдар (бас ұстағыш, реклинатор, бандаж, емдік белбеу, балалардың профилактикалық шалбарлары, корсет, қосымша құрылғылар) – кемінде 1 жылда бір рет ауыстырылады.

Міндетті гигиеналық құралдар мүгедектігі бар адамдарға бір жылға төмендегідей мөлшерде беріледі:

1) зәрді және (немесе) нәжісті ұстамау типі бойынша жамбас органдарының қызметі бұзылған мүгедектігі бар адамдарға арналған жөргектер – 1460 дана (күніне 4 дана), алушының қалауы бойынша тоқсан сайын кемінде 360 дана қамтамасыз ету;

2) несеп-жыныс жүйесінің стомасы бар мүгедектігі бар адамдарға арналған несеп қабылдағыштар (уроқабылдағыштар) – 365 дана (күніне 1 дана), көрсетілетін қызметті алушының қалауы бойынша тоқсан сайын қамтамасыз ету – тоқсанда кемінде 90 дана;

3) ішек стомасы бар мүгедектігі бар адамдарға арналған нәжіс қабылдағыштар – 365 дана (күніне 1 дана), алушының қалауы бойынша тоқсан сайын қамтамасыз ету – тоқсанда кемінде 90 дана;

4) сіңіргіш жаймалар (жаялықтар) – 365 дана (күніне 1 дана), алушының қалауы бойынша тоқсан сайын қамтамасыз ету – тоқсанда кемінде 90 дана;

5) катетер – 12 дана (айына 1 дана);

6) Спина бифид (*Spina bifida*) диагнозы қойылған мүгедектер үшін бір рет қолданылатын катетерлер – 2190 дана (күніне 6 дана), алушының қалауы бойынша тоқсан сайын қамтамасыз ету – тоқсанда кемінде 540 дана;

7) стоманың айналасындағы теріні қорғау және тегістеуге арналған паста-герметик – 12 дана (айына 1 дана);

8) стома айналасындағы теріні қорғауға және күтуге арналған қорғаныс кремi – 12 дана (айына 1 дана);

9) стома айналасындағы теріні қорғауға және күтуге арналған сіңіргіш ұнтақ (опа) – 12 дана (айына 1 дана);

10) иісті бейтараптандырғыш – 12 дана (айына 1 дана);

11) стома айналасындағы немесе қасаға тұсындағы теріні күтуге және өңдеуге арналған тазартқыш-12 дана (айына 1 дана).

Портал арқылы гигиеналық құралдарға тапсырыс беру кезінде алушы осы міндетті гигиеналық құралдарды жеткізушіден (бұдан әрі – МГҚ беруші) сатып алынатын тауардың санын, бірақ осы тармақта көрсетілген саннан асырмай және кем дегенде тоқсандық нормада (қалған саны) көрсетеді.

Негізгі мәселелер:

1. Әлеуметтік қызмет порталы арқылы алынатын арнаулы жүріп-тұру құралдарының кепілдігінің аздығы (14 күн-1 ай аралығы);

2. Міндетті гигиеналық құралдардың санының жетіспеушілігі;
3. Әлеуметтік қызмет порталының адамдарға қиыншылық тудыруы, яғни функциялардың түсінігі мен өңдеулердің (фильтр) аздығы.

Қорытындылай келе мүгедектігі бар адамдарға арналған протездік-ортопедиялық көмектің ауыстыру мерзімдері, техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдардың санының артуы, арнаулы жүріп-тұру құралдарының кепілдік мерзімдерінің өзгеруі — мүгедектігі бар адамдардың оңалтуына айтарлықтай көп маңызды болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://egov.kz/cms/kk/articles/invalids>
2. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300032993>
3. http://www.gov.kz/memleket/entities/kgd-almaty/press/news/details/477210?utm_source
4. http://adilet.zan.kz/eng/docs/Z050000039 ?utm_source